

«БІЗ ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ – ПЕРСОНАЛДЫҢ БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ, ЫҚТИМАЛ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БОЛЖАЙ БІЛУГЕ ЖӘНЕ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙҒА ҰЛАСПАС БҰРЫН ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ДАЙЫН БОЛУЫ ЕКЕНІН ТҮСІНЕМІЗ. ОЛ ҮШІН ТӘРТІПТІ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ЖҰМЫС САПАСЫНА ҮНЕМІ КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЖЕТ. ӨҢІРЛЕРДЕ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІН КҮШЕЙТІП, БАРЛЫҚ НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫН ФОРМАЛЬДЫ БАҚЫЛАУДАН БАС ТARTУ КЕРЕК».

Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары

→ 2 бет.



№1 (3040)
10/01/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСПЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Астана қаласының №1 индустриялық паркіндегі электровоз құрастыру зауытына барып, отандық өндіріспен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа кәсіпорынның жұмысы туралы жан-жақты мәлімет берілді. Зауытта «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының тапсырысымен бүгінге дейін 380 жүк және 70 жолаушылар электровозы шығарылған.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Электровоз құрастыру зауытында еңбек ететін жас мамандармен жүздесуде Президент 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғанын айтып өтіп, мемлекет өндіріс саласында жұмыс істейтін жастарға қолдау көрсете беретінін жеткізді.

Кәсіпорынды Францияның Alstom компаниясы іске қосқан. Зауыт жылына 100 электровоз секциясын шығарады.

Өндірісте қолданылатын шикізаттың 70%-і Қазақстаннан шығады. Соның арқасында 270 отандық кәсіпорынмен бірлесе жұмыс істеп жатыр. Зауыт 1200 адамды жұмыспен қамтып отыр. Мамандар жұмысқа кіріспес бұрын Франциядағы Alstom зауытында тәжірибе жинайды. Бүгінгі дейін мұнда 380 жүк және 70 жолаушылар электровозы шығарылған. Сондай-ақ олардың қосалқы бөлшектері өндіріледі. Кәсіпорын нарыққа локо-



мотив корпустары, трансформаторлар, төмен және жоғары вольтты ұсынады. Шетелге экспортталған өнімдері де аз емес.

– Өндірісте жергілікті компоненттердің үлесі басым. Қазақстанға кірген жылдар ішінде біз өз технологияларымызды және жеке жабдықтарымызды Қазақстанға

көшіріп, қазір осы жерде шығарып жатырмыз. Соның арқасында жұмыс тұрақты. Локомотивті желіге қосқаннан кейін 20-30 жыл бойы техникалық қызмет көрсетеміз, бұл біздің өнімдеріміздің сапалы екенін айғақтайды, – дейді Alstom компаниясы Батыс және Орта Азия кластерінің басқарушы

директоры Жером Бойе. Компания алдағы уақытта Астана, Алматы, Шу және Арыс қалаларында сервистік орталықтар ашуға инвестиция құйып жатыр. Бұл қосымша 700 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Президент қарқынды жұмыс істеп жатқан зауыт қызметкерлеріне сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысы сонымен қатар теміржолға қажетті құрал-жабдықтар шығаратын отандық кәсіпорындардың өнімдері көрмесін де аралады. Қазір елімізде 600-ден астам компания теміржол саласына арналған бөлшектерді өндірумен айналысады.

Сурет akorda.kz сайтынан алынды

НОВЫЙ РЕКОРД



На транспортном узле Достык – Алашанькоу установлен новый рекорд грузооборота, достигший 18 миллионов тонн. Этот показатель стал результатом слаженной работы всего коллектива, эффективного планирования и внедрения современных технологий.

Достык продолжает укреплять свои позиции как стратегически важный транспортный коридор, связывающий страны и обеспечивающий стабильные грузопотоки. Новый рекорд не только подчеркивает значимость узла для международной логистики, но и служит вдохновляющим примером для дальнейших достижений.



Стоит напомнить, что предыдущий рекорд грузооборота по данному стыку установлен в 2013 году (17 751 000 тонн). И спустя 11 лет коллективу удалось вновь достичь выдающегося результата, установив новый рекорд – 18 миллионов тонн. В честь этого свыше 65 сотрудников были награждены специальной медалью «Dostyq – Alashankou jana record 18 mln.t» и почетными грамотами.

Среди награжденных: специалисты станции Достык, сотрудники станции Алашанькоу (КНР), лучшие учреждения, сотрудники и руководители узла Достык.

Этот успех стал возможен благодаря непрерывному развитию инфраструктуры, самоотверженной работе Алматинского отделения грузовых перевозок.

– Работа на данном направлении будет продолжаться и сопровождаться новыми достижениями, – отметил директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

По его словам, стратегия развития транспортного узла Достык – Алашанькоу позволит сохранить высокие показатели и укрепить позиции на международном уровне.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
станция Достык

СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫЕ ГРУЗЫ В ПЛЮСЕ



Общий объем перевозок зерна по сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» в 2024 году превысил 10 миллионов тонн.

В целом перевезено 10,6 миллиона тонн, при этом 8,1 миллиона тонн – на экспорт. Выросли перевозки зерна в страны Центральной Азии: в Таджикистан – на 20%, в Кыргызстан – на 92%, в Азербайджан – на 86%. Погрузка зерна в Иран увеличилась в два раза.

На 13% увеличились внутренние перевозки, превысив по итогам года 2,5 миллиона тонн.

Перевозки продуктов перемолта также показали положительную динамику. В 2024 году объем перевозок составил 3,2 миллиона тонн, что на 2% больше по сравнению с 2023 годом. Экспорт продуктов перемолта увеличился на 3% и достиг 2,3 миллиона тонн. Растет экспорт продуктов перемолта в страны Центральной Азии, включая Таджикистан, Туркменистан и Кыргызстан, где наблюдается значительный рост – 4%, 5% и 41% соответственно. Китай увеличил импорт казахстанских продуктов перемолта на 34%, сообщили в пресс-службе КТЖ.

Компания активно работает над улучшением логистики перевозок зерна и продуктов перемолта, контролируя все этапы доставки для социально значимых грузов. Для координации перевозок функционирует оперативный зерновой штаб.

Роман ЛЮБИМОВ

Пассажирские перевозки

ДО ЮЖНОЙ СТОЛИЦЫ

Новые вагоны по маршруту Павлодар – Алматы начнут курсировать каждый день. На Павлодарском железнодорожном вокзале прошла презентация подвижного состава.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В течение последних двух лет АО «Пассажирские перевозки» приобрело 300 современных вагонов, тем самым обновил подвижной состав по направлению Актобе, Атырау, Семей, Павлодар, Туркестан. Сегодня запущены 50 новых вагонов по маршруту Павлодар – Алматы, рассчитанных на 400 человек в одну сторону. Есть три купейных и семь плацкартных мест.

– Вагоны полностью оборудованы современными системами

кондиционирования и отопления, светодиодными светильниками и другими. Транспорт казахстанского производства. В парке около двух тысяч вагонов, полностью заменить которые планируют в течение пяти лет, – рассказал председатель правления АО «Пассажирские перевозки» Ануар Ахметжанов.

Больше всего обновлению наряду с пассажирами рады проводники. Большинство проводников много лет работали в старых советских поездах.

– Комфортно стало, это особенно важно в дальних поездках.



Есть холодильник, микроволновка, питьевая вода. Обшивка спальных мест удобная, мягкая, уютная, кондиционирование и отопление фиксировано, на световой панели – указатели температуры, стандартные розетки, USB-зарядки, кнопки вызова проводника, индивидуальная подсветка места. Для пассажиров верхних мест – удобная лестница на магнитах и удобный ограничитель.

Для инвалидов-колясочников – отдельные купе и санузел, – рассказала проводница Мапура Акулова, проработавшая на стальной магистрали 23 года. Расписание нового состава стандартное, он будет отправляться в 9 часов утра, прибытие в Алматы – в 11:44 следующего дня. Обратно отходит в 15:20 и возвращается в Павлодар в 18:02 на следующий день.

Фото Сары САХЫНБЕК

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ



Меруерт ЕСЕНБЕК,
Астана

Теміржол саласында жұмысшы кәсібі иелері қашан да беделге, қадір-құрметке ие. Олар – жолшылар, вагон қараушылар, станция кезекшілері мен пойыз құрастырушылар, машинистер мен жолсеріктер, т.т. алып салада жүк және жолаушылар тасымалының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету жолында тәулік бойы тынымсыз тер төгіп жүрген еңбек адамдары.

Сарапшылар Қазақстан үшін өткен жыл табысты болды деп қорытынды жасайды. Өндіріс саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылып, қайта өңдеу секторы қарқынды дами бастады. Ғылымды қаржыландыру көлемі артып, әлеуметтік сала қызметкерлеріне елеулі қолдау көрсетіліп жатыр. Елдің экономикалық дамуы мен қоғамдық ахуалға әсерін тигізер бірқатар күрделі де қиын жағдайлармен бетпе-бет келгенімен,



Қазақстан реформаларды тиімді жалғастырып, табысты жыл негізін қалай білді деп бағалауға болады. Бұл туралы Мемлекет басшысы қаңтардың алғашқы күндері «Ана тілі» республикалық қоғамдық-саяси газетіне берген сұхбатында жан-жақты баяндайды. – Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды доріктеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек. Экономиканың

көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар. Мен кәсіпорындарды аралаған кезде жастарды жиі жолықтырамын. Олардың арасында жұмысшы әулеттерінің өкілдері көп екені көңіл қуантады. Мемлекеттің міндеті – жас мамандарға материалдық және моральдық жағынан көмектесу, – деді жұмысшы мамандықтары жылына байланысты пікір білдірген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде «Қазақстан теміржолшысы» газеті алғашқы санынан бастап Жұмысшы мамандықтары жылына орай «Еңбек адамы» атты жаңа айдар ашып, жоғарыдағы кәсіп иелері жайлы очерктер мен суреттемелерді жариялауды бастайды.

(2-бетте)

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ
ЛОКОМОТИВ ПАРКІ ТАЯУ
ҮШ ЖЫЛДА

257

БІРЛІК СУ ЖАҢА
ЛОКОМОТИВЕН
ТОЛЫҒАДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ.

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЕЛІМІЗДЕ

11 000

ШАҚЫРЫМ ЖОЛҒА ЖӨНДЕУ
ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛМЕК.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ S&P GLOBAL
БАҒАЛАУЫ БОЙЫНША ҮШ
ЖҮЗДЕН АСТАМ КОМПАНИЯНЫҢ
ІШІНДЕ КӨЛІК КОМПАНИЯЛА-
РЫНЫҢ ҮЗДІК

10%

ҚАТАРЫНА ЕНДІ.

ВАГОН ҚАРАУШЫҒА ҚҰРМЕТ

 **Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл



ЕҢБЕК АДАМЫ

Жаңа жылдың алғашқы аптасында Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының әкімі Ернар Есіркепов «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану депосының Түрксіб станциясындағы вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктінің шебері Сәкен Көкжаловтың шаңырағына барып, еңбек адамына құрмет көрсетті.

Аудан басшысы түрлі саладағы жұмысшылардың адал еңбегі ауданның экономикалық дамуы жолындағы басты көрсеткіш болып табылатынын тілге тиек етіп, ерен еңбек үлгісі дерлік сыйлы маман иелері қатарында теміржолшылардың орны бөлек екенін ерекше атап өтті.

Сәкен Тасыбайұлы Луговой ауылында тұрады. Теміржолды жағалай қоныстанған елді мекеннің тұрғындарының басым көпшілігі өмірін шойын жолмен байланыстырғаны белгілі. Ауыл жастары трендтегі кәсіпті емес, тұрақты табыс көзі болатын қолжетімді мамандықта таңдауы – ауданда теміржолшылар әулетінің бірнеше буыны өсіп шығуына септік етті.

Вагон шебері Сәкен Көкжаловтың теміржол саласында табан аудармай жұмыс істеп келе жатқанына 41 жыл толыпты. Адал еңбегіне сай елге абыройлы, айналасына сыйлы. «Құрметті теміржолшы» төсбелгісінің иегері. Ол Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауы – еңбек адамдарының қоғамдағы рөлін арттырып, олардың кәсібіне деген құрметті биікке көтереді деген сенімде.


Айта кету керек, ВЧД-27 Жамбыл вагон пайдалану депосының вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттері Сарышаған, Шу, Түрксіб, Тараз, Қаратау, Жаңатас станцияларында орналасқан. Техникалық қызмет көрсету пункттеріндегі вагоншыларға 5 нұсқаушы арқылы тиісті нұсқаулықтар беріліп отырады.

Суретті түсірген автор



ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

 **Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



ӨНЕРТАБЫС

Өндірісте еңбек өнімділігін арттырудың тиімді бір нұсқасы өнертапқыштық бастамалар десек, артық емес. Соңғы жылдары еңбек нәтижесіне деген қызығушылықты ояту арқылы теміржолшыларды рационализаторлық ұсыныс үшін моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандыру күн тәртібіне шығарылды.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінің ғылыми-техникалық ақпарат бөлімінің меңгерушісі Айгерім Бисұлтанованың айтуынша, өнертапқыштық белсенділікті арттыра отырып, техникалық шығармашылықты дамытудың маңызы зор. Нәтижесінде теміржолшылар арасында рационализаторлық ұсыныстар жылдан жылға артып, саны емес, сапасы жағынан да маңызды бола түскен. Айтуынша, өткен жылы Атырау өңірі бойынша экономикалық тиімділік талап етілмейтін 19 өнертапқыштық ұсыныс түсіп, олардың бәрі де мақұлданған.

Солардың бірі Атырау вагон пайдалану депосының әкімшілік ғимаратына кіреберістегі «Қауіпсіздік есептегіші» ақпараттық таблосына тоқталып өтейік. Авторы – депо инженері Айгүл Құлжанова. Бұл «Қауіпсіздік есептегіші» стенді деподағы жарақатсыз күндер есебін шығарып отыру үшін ойлап табылған. Бұған дейін бұл қағаз түрінде болған, ал ол үшін күнбе-күн жаңа санды жазып, қағазды ауыстырып отыру керек болатын. Оның бәрі уақыт алатыны сөзсіз. Сондықтан да мұның электронды түрінің ойластырылуы бәрінен тиімді болғаны рас. Яғни электронды жарықдиодты таблода жарақатсыз өткізген күндер санымен қатар «Нөлдік жарақат» жолында» атты ұран көрнекі етіп жазылған. Яғни жұмысқа келген адамдар күнде таблоға қарап өздерінің жұмыс орнында өндірістік травматизмге жол бермеу қажеттігін қаперге алады. Бұл да профилактиканың, ескертудің елеулі бір түрі.

– Электронды жарықдиодты табло 12В кернеумен жұмыс жасайды, көлемі 1,2 метр. Оған USB-флеш карта мен HD 2016 жылғы бағдарлама орнатылған. Бағдарлама автоматты түрде күндерді есептеп отырады. Біз өз мамандарымыздың рационализаторлық ұсыныстарын қолдай отырып, авторлық құқықтарын қамтамасыз етеміз. Бүгінде өндіріс талабы өскен сайын өнертапқыштық ұсыныстардың да деңгейі өсіп келеді. Баяғыдай қарапайым емес, жылдан-жылға күрделі, сонымен қатар тиімді, табысты ұсыныстар ойлап тауып, өндіріске қосып жатқан әріптестеріміздің саны артуда, – дейді бөлімшенің ғылыми-техникалық ақпарат бөлімінің меңгерушісі А.Бисұлтанова.

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ – ЖҰМЫСҚА ДЕГЕН САНАНЫ ӨЗГЕРТУ



Теміржол қозғалысының қауіпсіздігін жақсарту үшін компанияның барлық ресурстары қатысады. Статистикаға сәйкес, 2024 жылдың 11 айында ҚТЖ желісінде бұзушылықтар саны 7%-ға азайды. Барлығы 100-ден астам қауіпсіздік бұзушылықтары тіркелді және оқиғалардың көпшілігі жұмысшылардың жауапкершілігіне байланысты.

– Теміржолшылардың қажырлы еңбегінің маңызды аспектісі – қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Теміржолдағы қауіпсіздік үшін өзінің жауапкершілігін түсінетін адам өрине көптеген жазатайым оқиғалардың алдын алуға қабілетті. Бұл ережелер мен нормаларды сақтауды ғана емес, сонымен қатар сананы өзгертуді талап етеді, өйткені қауіпсіздік екінші мәселе емес, басымдық екенін түсіну керек. Нормаларды сақтаудың маңыздылығын түсіну, егжей-тегжейге назар аудару, тәртіп пен жауапкершілік – бұл тәуекелдерді азайтуға және бұзушылықтар санын азайтуға мүмкіндік беретін аспектілер, – деп атап өтті Т.Алдыбергенов.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта өзгерістер стратегиясы техникалық базаны жақсартуға және бақылау деңгейін арттыруға ғана емес, сонымен қатар компания үшін де, басқа салалар үшін де ұзақ мерзімді міндет болып табылатын жұмысшылардың түсінігін өзгертуге бағытталған.

БҰЗУШЫЛЫҚТАР – АДАМ ФАКТОРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Соңғы бес жылда ҚТЖ желісіндегі пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жай-күйін талдау ең көп бұзушылықтар 5 жылдан аз жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлердің кінәсінен болатынын көрсетті. Мұндай жұмысшылардың ішінде ереже бұзушылар көбіне пойыз құрастырушылары, сигнализаторлар, станция және дөңес кезекшілері, жылдамдықты реттеушілер болып табылады. Бұл жұмысшылардың тәжірибесі мен біліктілігі қауіпсіздікке тікелей әсер ететіндігін көрсетеді.

Талдау көрсеткендей, локомотив саласында жағдай түбегейлі ерекшеленеді. Көбінесе бұзушылықтарға 6 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар локомотив бригадалары жол береді, бұл тәжірибелі жұмысшыларда сақтық пен тәртіптің жеткіліксіздігін көрсетеді. Локомотив бригадалары түнде және «бір адам» әдісімен жұмыс істе-

Теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігі кез-келген елдің көлік жүйесінің жұмыс істеуінің маңызды аспектісі болып саналады. Технологиялардың дамуына және заманауи бақылау жүйелерінің енгізілуіне қарамастан, қауіпсіздікке байланысты проблемалар өзекті болып қала береді. ҚТЖ-ны түбегейлі жақсарту үшін бұзушылықтардың салдарына жауап беріп қана қоймай, олардың пайда болу себептерімен күресу, ең алдымен жұмысшылардың санасын өзгерту қажет. Бұл туралы «Қазақстан темір жолы» компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Талғат Алдыбергеновпен әңгімемізде айтылады.

генде (локомотивті бір машинист басқарған кезде) сергек болады. Көбінесе бұзушылықтар күндізгі уақытта орын алады, бұл локомотив бригадаларының жұмыс процесін ұйымдастыруды қайта қарау қажеттілігін және машинистер мен олардың көмекшілерінің жолдағы назарын аудару мәселесін көрсетеді.

Жұмыс тәжірибесі шешуші рөл атқарады, бірақ нормативтік құқықтық актілердің дұрыс орындалуына кепілдік бермейді. Мұның бәрі жұмысшылардың жауапкершілік деңгейін жоғарылату, сондай-ақ қозғалыс қауіпсіздігіне барынша назар аудару үшін үйлестіру мен өзін-өзі бақылауды жақсарту қажеттілігін растайды.

БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚТЖ теміржол жолдарындағы оқыс оқиғалардың санын азайту және бүкіл көлік жүйесінің сенімділігін арттыру мақсатында қауіпсіздік мәдениетін арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және өз қызметкерлерін оқыту бойынша жұмысты жалғастыруда. «Біз табысқа жетудің маңызды факторларының бірі персоналдың белсенді жұмыс істеуге, ықтимал тәуекелдерді болжай білуге және қайғылы жағдайға ұласпас бұрын олардың алдын алуға дайын болуы екенін түсінеміз. Ол үшін тәртіпті қалыптастырып, жұмыс сапасына үнемі көңіл бөлу қажет. Өңірлерде кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін күшейтіп, барлық нормалар мен ережелердің орындалуын формальді бақылаудан бас тарту керек», – дейді Т.Алдыбергенов.

ҚТЖ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесіне ауқымды тексерулер мен аудит жүргізді. Тексеру қорытындылары бойынша негізгі тұжырымдардың бірі өндірістік процеске тікелей байланысты қызметкерлердің желілік, өңірлік деңгейінде білімдерін тексерудің дұрыстығын анықтау болды.

Тексеру нәтижелеріне сәйкес құжаттаманы басқаруда және қауіпсіздік процестерінің мониторингінде сәйкессіздіктер анықталды.

«Мұндай бұзушылықтардың себептері қызметкерлер тарапынан біліктілікті арттыруға және өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылыстың болмауында ғана емес, сондай-ақ көзқарасты қайта қарауды және формализмнен бас тартуды қажет ететін өңірлік деңгейдегі басшылардың әрекет-

теріне қатысты», – дейді ҚТЖ-да.

Жүргізілген тексеру барысында өндірістік қызметкерлерді ынталандыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Қызметкерлердің қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейін жақсартуға қатысу деңгейі төмендігіне жауап ретінде «Техникалық пайдалану ережелерін (ТПЕ) жаңа форматта аш!» бейнебайқауы ұйымдастырылды, оның мақсаты қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін қызметкерлер арасында білімді арттыруға қызығушылықты ынталандыру болды.

«Байқау аясында қатысушыларға көптеген жүйелік қателердің нәтижесінде әзірленген, «қанмен» жазылған дерлік «Техникалық пайдалану ережелерін (ТПЕ) түсіну мен сақтауды жақсарту үшін ең оңтайлы шешімдерді ұсыну ұсынылды. Бірінші байқаудың қорытындысы шығарылып, белсенді қатысқан филиалдар арасында жеңімпаздар анықталды. Қызметкерлердің қатысуын арттыру және теміржол биласының қызметкерлері арасындағы қауіпсіздік бойынша білімнің жалпы деңгейін жақсарту үшін байқауды жыл соңына дейін ұзарту туралы шешім қабылданды. Ол үшін әрбір қызметкер қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі және пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің қатаң стандарттарын сақтаудағы өз рөлін түсінуі үшін барлық деңгейдегі басшылықты белсенді түрде тарту қажет», – деп атап өтті төраға орынбасары.

БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАР

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бұзушылықтардың алдын алу үшін ҚТЖ ревизорлық аппараты 9 мыңнан астам тексеру жүргізді, соның барысында 99 мыңнан астам сәйкессіздіктер анықталды. Тыйым салынған шаралар қабылданды, олардың ішінде локомотивтер мен вагондарды пайдалануды тоқтата тұру, темір жолдардың едәуір учаскелеріндегі жылдамдықты шектеу және жекелеген станциялық жолдарда қозғалысты жабу, т.т.б.

Компания тарапынан қауіпсіздікті қамтамасыз етуді арттыру жөніндегі аса маңызды қадамдардың ішінде «Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және ҚТЖ филиалы «Магистральдық желі дирекциясы» бойынша еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру жөніндегі бағдарлама» шеңберінде шағын

механизация құралдарын сатып алуды, жол және қалпына келтіру жұмыстары үшін заманауи техника сатып алуды атап өтуге болады. Бұл жұмыс сапасын едәуір арттыруға, еңбек жағдайлары мен қауіпсіздікті жақсартуға мүмкіндік береді.

Алайда, жұмысшылардың санасының өзгеруі тек мұнымен шектелмейді. Маңызды аспект – қауіпсіздікті бірінші орынға қоятын жүйені құру. ҚТЖ-ның корпоративтік сайтындағы «Ең алдымен қауіпсіздік!» порталында компанияның барлық қызметкерлері қозғалыс қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуге және өзектендіруге қатыса алады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес кәсіпорындарындағы қызметкерлері қауіпсіздік бойынша нәтижелерін қауіпсіздік мәдениетін дамыту және қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына нөлдік төзімділік мәселелерін талқылау үшін толыққанды ашық коммуникациялық интернет-аппаретінде қажет ететін осы интеракт-портал арқылы қамтамасыз етіледі.

«Еңбек адамының жанқиярлығы – бұл жай ғана жұмыс емес, қауіпсіздікке, жауапкершілікке және өзгеріске ұмтылуға негізделген өмір философиясы. Еңбек адамының санасын өзгерту – бұл уақыт пен күш-жігерді қажет ететін процесс. Ол өз еңбегінің құндылығын түсінуді, оның қоғамға және қоршаған ортаға әсерін түсінуді қамтиды. Үлкен механизмдегі рөлін түсінетін адам салмақты шешімдер қабылдай бастайды, өз дағдыларын үнемі дамытуға және жетілдіруге ұмтылады. Бұл оның кәсіби құндылығын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар жеке өсуге ықпал етеді. Қазақ мақал-мәтелінде: «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» («Күш-жігерсіз жұмыс аяқталмайды, күш-жігерсіз мақсатқа жете алмайсың») делінген. Табысқа жету үшін күш салу және еңбек ету қажет, – деп атап өтті Т.Алдыбергенов.

ҚТЖ: егер санадағы өзгерістер теміржолшылардың ойының ажырамас бөлігіне айналса, бұл бұзушылықтардың айтарлықтай төмендеуіне әкеліп соғады және теміржол көлігінің тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етеді деген сенімде.

Любовь ПОДОЛЯК, Астана

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ӨТКЕЛДЕР ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шымкент жол дистанциясының жолшылары өткен жылдың соңында қала аумағына кіретін күзетпелі 3 теміржол өткелінің екеуіне жөндеу жүргізді. Еңбекші ауданы аумағындағы Тіленшин және Момынов көшесіндегі күзетпелі өткелдердің рельс-шпалы мен астындағы қиыршық тасы да жаңартылды.

 **Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Шымкент

Төртінші телім басшысы Алтынбек Сәдібековтің айтуынша, таңертең басталған толаскез уақыты тиімді пайдаланылып, кешкі 21:00-де телімде қозғалыс қайта жанданған. Жұмысқа адам күшімен қатар ДУОМАТ, ДПС, ПБР сынды арнайы техникалар да жұмылдырылған.

Жылжымалы құрамдардың қалаға кіріп-шығатын негізгі өткелі болғандықтан, дистанциялықтар мұнда пойыз қозғалысының қауіпсіздігін тәулік бойы қамтамасыз етеді. Сондықтан да автокөліктердің рельс үстімен



қауіпсіз өтуіне жағдай жасап, шойын жол жиектеріндегі төсемдерді үнемі ауыстырып, жаңартып отырады. Тиісті белгілер қойып, жарықтандырылады. Жаяу жүргіншілер үшін де барынша жағдай жасалған.

– Жоспарлы тапсырмаға сай жоғарыда аталған екі өткелде жөндеу жұмыстарын жүргізіп, нысанды сол күні қайта пайдалануға бердік. Оған серіктес мекемелер де үлес қосты, – дейді А.Сәдібеков.

Маман айтып отырған серіктес мекеме – қалалық автомобиль жолдарын жөндеу мекемесі екен. Олар рельс жиегіне төселген қиыршық тастың үстіне асфальт жабындысын төсеп, нығыздап берген. Сол сияқты, осы ауданға тиесілі мемлекеттік автокөлік инспекторлары да ауысым бойынша кезекшілік қызмет атқарып, өндірістік жұмыс кезінде қауіпсіздікті қатаң бақылауда ұстаған.

Шымкент жол дистанциясының жетекші инженері Ақтолықн Жоланова ұсынған деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда Тіленшин көшесінде орналасқан II санаттағы өткелден тәулігіне 7 840 автокөлік, 58-60 пойыз өтеді екен. Ал Момынов көшесіндегі өткел I санатқа жатады. Мұнда тәулігіне 12 428 көлік, 58 жылжымалы құрам өтеді.

– Мемлекеттік автокөлік инспекторларымен бірлесіп отырып, салаға жауапты мамандар тұрақты түрде жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге арналған түрлі санатты рейдтік іс-шаралар ұйымдастырып тұрамыз. Нәтижесінде қауіпсіз қозғалыс үздіксіз қамтамасыз етіліп келеді, – дейді Ақтолықн Асырауқызы.

Суретті түсірген автор

ВСТРЕЧА С ДЕПУТАТАМИ



АКТУАЛЬНО

Депутаты Сената Парламента Республики Казахстан встретились со столичными работниками дистанции сигнализации и связи, а также дистанции пути.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

В рамках рабочего визита сенаторы ознакомились с работой сотрудников и условиями их труда.

В свою очередь железнодорожники продемонстрировали снегоуборочную технику и показали, как с помощью системы пневмообдува эффективно очищаются от снега стрелочные переводы. Сенаторы также посетили ремонтно-технологический участок, где специалисты рассказали о современных подходах в обслуживании систем сигнализации и связи.



Так, для очистки станционных путей и стрелочных переводов в дневное время привлекались 27 063 монтера пути, в ночное – 25 489 человек. Всего на

магистральной сети в период с 9 ноября 2024 года по 5 января 2025 года всеми видами техники выполнено 163 выезда снегоочистительных машин типа СДПМ и СС. В результате чего очищено 11 852 километра пути, также осуществлено 58 выездов снегоуборочной машины типа СМ-2, благодаря чему убрано 43 760 м³ снега.

Кроме того, на нужды железной дороги выделены 60 единиц вахтовых автобусов

дистанции пути находятся семь единиц снегоуборочной техники и три единицы Dongfeng.

В рамках визита депутаты уделили особое внимание улучшению условий труда работников. Они осмотрели модульные здания, оборудованные всем необходимым для комфортного проживания сотрудников. Так, в текущем году на сети АО «НК «ҚТЖ» установлены 163 мобильных здания на предприятиях путевого хозяйства Акмолинского, Алматинского, Костанайского, Павлодарского, Карагандинского, Жамбылского, Шымкентского, Кызылординского, Семейского, Актюбинского, Атырауского, Мангистауского отделений магистральной сети.

В ходе беседы с работниками дистанций сенаторы положительно оценили социальную политику, проводимую АО «НК «ҚТЖ».

По словам заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Талгата Алдыбергенова, для реализации планомерных мероприятий по повышению благосостояния железнодорожников, несмотря на значительную финансовую нагрузку, компания в 2025 году намеревается реализовать ряд мероприятий.

В целом работа железнодорожников была высоко оценена депутатами, которые отметили ее важность для обеспечения устойчивой работы транспортной инфраструктуры страны в зимний период.

Фото Александра ЖАБЧУКА

И СНОВА ВСЕ О НЕЙ...



СОВЕЩАНИЕ

Безопасность движения поездов и маневровой работы – вечная тема всех совещаний и встреч с ветвевладельцами и причастными работниками железнодорожных предприятий.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

На очередной рабочей встрече в числе спикеров – главный специалист РГУ «Инспекция транспортного контроля по Западно-Казахстанской области» (ИТК) Асылбек Сагубаев, начальник станции Уральск Махамбет Кенжегараев и главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» на Уральском участке Руслан Давлетов (РБ-12).

В частности, прозвучало, что в целях минимизации случаев ДТП и наездов на людей на постоянной основе с начала года совместно с линейным отделом полиции, ВЖДО и работниками филиалов магистральной сети проведено более 60 собраний среди местного населения раздельных пунктов и домов, расположенных вблизи железной дороги, с охватом 488 человек. Проведена 31 лекция в учебных заведениях с охватом 929 учащихся, девять выступлений в



средствах массовой информации, в том числе на местном телевидении, а также 85 рейдов по исключению выхода посторонних людей на железнодорожные пути, выявлено 69 нарушителей, им вынесены предупреждения с занесением в протокол и так далее.

С начала 2024 года было два случая наезда на человека (в 2023-м – четыре), 18 случаев экстренного торможения без наезда на человека, 16 – с наездом на бесхозный скот, 39 экстренных торможений без наезда. Однако в целом статистика по экстренным торможениям вызывает озабоченность – 87 случаев в 2024 году

и 76 – в 2023-м. Основная причина – посторонние на железнодорожных путях.

Внимание было уделено и состоянию подъездных путей, на что особое внимание обратил РБ-12 Руслан Давлетов. Он подчеркнул, что, несмотря на неплохие показатели региона в плане безопасности движения поездов, необходимо прилагать все усилия, чтобы их улучшить, а не почивать на лаврах. В ходе встречи к спикерам с некоторыми актуальными организационными и технологическими вопросами обратились начальники станций, составители поездов и машинисты. К примеру, машинисты вновь подняли вопрос необходимости ограждения путей в местах несанкционированного движения пешеходов, возведения скотоизгородей, а также качественного содержания путей ветвевладельцами. ИТК в свою очередь напомнили о своевременном оповещении контролирующих органов об инцидентах всеми причастными организациями, поскольку вопросы безопасности отнюдь не праздный каприз, а суровая необходимость.

Подводя итоги встреч, было настоятельно рекомендовано ветвевладельцам выявленные работниками локомотивных бригад и составителями поездов нарушения устранять своевременно. А работникам дочерних предприятий АО «НК «ҚТЖ» при выполнении своих должностных обязанностей руководствоваться должностными инструкциями в рамках действующего законодательства Республики Казахстан.

Фото автора

Итоги

ГОД СДАН, ГОД ПРИНЯТ!

В ушедшем году станция Алтынколь достигла значительных результатов в грузоперевозках и укрепила позиции в международной логистике. Построенная практически в пустыне, приграничная станция вошла в историю связующей гранью второго международного перехода, являясь визитной карточкой региона.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынколь

Благодаря своему выгодному расположению и современному оборудованию станция играет ключевую роль в укреплении международных торговых связей, обеспечивая надежный и эффективный грузопоток.

Еще в декабре ушедшего года алтынкольцы досрочно выполнили план ОСЖД по сдаче экспорта в размере 6 145 559 при плане 6 145 000. При этом прием импортных грузов при плане 6 867 000 тонн составил 7 124 972, или выполнен на 104%.

Общий план ОСЖД в размере 13 270 531 тонны выполнен на 102%. Достижения станции говорят сами за себя.

– Я рад, что руковожу таким коллективом, на который я могу положиться, впереди

у нас новые перспективы, расширение возможностей и дальнейшее укрепление позиций Алтынколя как одного из ведущих логистических центров страны, – отмечает начальник станции Алтынколь Данияр Нуркасымов.

Руководство станции особый акцент делает на повышении культуры производства, оптимизирует процессы, что способствует увеличению пропускной способности и повышению качества обслуживания. Особое внимание уделяется развитию инфраструктуры и обучению персонала, что позволяет оперативно реагировать на вызовы времени и поддерживать высокий уровень конкурентоспособности. Такая дальновидная политика обеспечивает стабильный рост показателей и способствует укреплению экономических связей между странами, подтверждая статус

станции Алтынколь как стратегически доминирующего объекта в международной логистике.

А сколько на станции талантливых людей! Помимо основной работы сотрудники участвуют во всех массовых мероприятиях, музыкальных конкурсах, викторинах и диспутах. Хорошо развита и спортивная составляющая. Таким образом, станция Алтынколь является своеобразным «клубом» для молодежи, предоставляя платформу для приобретения опыта, профессионального роста и реализации потенциала в сфере железнодорожного транспорта. Ныне сама жизнь подтверждает правомерность слов о том, что новая дорога – это не только стратегически важный транспортный коридор, но и открытие новых возможностей, широких перспектив.

Фото автора



СНИЗИЛОСЬ ЧИСЛО ТОРМОЖЕНИЙ



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



БЕЗОПАСНОСТЬ

В течение 2024 года в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) допустили 105 экстренных торможений локомотивов. Из них в подавляющем большинстве случаев удалось предотвратить наезды на людей, домашний скот, автотранспорт.

– В прошлом году у нас было зарегистрировано 23 случая экстренного торможения из-за нахождения людей на пути, в 20 случаях удалось предотвратить наезды на них, – сообщил начальник Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) Дархан Кажигулов.

Но самое большое число случаев, когда локомотивным бригадам приходится экстренно останавливать тепловозы, как обычно, фиксируется из-за нахождения на пути домашнего скота. В 2024 году по этой причине произошло 52 случая без наезда, 16 – с наездом. В двух случаях экстренные торможения предотвратили наезд на автотранспорт. Также в прошлом году в одном случае локомотивными бригадами ТЧЭ-22 пришлось внезапно останавливать тепловоз из-за перекрытия сигналов, в двух – из-за срывов стоп-крана, в четырех случаях локомотивщики не смогли избежать наездов на посторонние предметы и автотранспорт.

По итогам 2023 года в ТЧЭ-22 было зафиксировано 113 экстренных торможений, из которых 79 случаев связаны с нахождением на пути скота, в 19 – в зоне повышенной опасности находились люди, в шести – автотранспорт, еще в четырех – посторонние предметы.

ОБНОВЛЕНИЕ АВТОПАРКА



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ИНФРАСТРУКТУРА

В Павлодарском отделении ГП презентовали девять новых автобусов, которые будут курсировать по нескольким структурным подразделениям филиала.

Торжественное мероприятие прошло на станции Павлодар с участием директора отделения ГП Азамата Тайжанова, главного инженера Каната Рахметова и железнодорожников.

– Это первое обновление с 1992 года. Автопарк филиала нуждался в новом транспорте. В ближайшее время ожидаем еще два автобуса, в планах рассматриваем приобретение легковых машин, – рассказал Азамат Тайжанов. – Выражаю благодарность нашим железнодорожникам за качественную работу и высокий профессионализм. Будем дальше работать над улучшением условий труда.

Новый транспорт получили станция Павлодар – 4, станция Екибастуз – 2, станция Аксу – 1, ВЧД-16 – 1. Еще один автобус остался в резерве, на случай оперативного осуществления деятельности отделения ГП.

Почетное право разрезать традиционную ленту открытия и вручить ключи предоставили директору филиала Азамату Тайжанову и начальнику станции Павлодар Нурлану Канатбаеву.

– Сегодня для нас особенный день – долгожданное обновление автопарка. Теперь будем работать в еще более комфортных условиях. Прежде всего рада за железнодорожников, труд которых сложно переоценить, – сказала бригадир пункта коммерческого осмотра станции Павлодар Динара Жумашева.

Фото автора



«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ Орталық Кеңесі мен аймақтық филиалдар ұжымы ұзақ жылдар Қызылорда темір жолында жемісті еңбек еткен Күрметті теміржолшы, сала ардагері **ЖҮСПӨВ ӨМІРБЕК ЖҮНІСҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

1950 жылы 28 ақпанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген Өмірбек Жүнісұлының санылы ғұмыры теміржол саласымен байланысты өтті. 1968-73 жылдары Ташкент теміржол көлік инженерлері институтында білім алып, еңбек жолын Қызылорда станциясының кезекшісі болып бастаған ол 1976-1998 жылдар аралығында Арал теңізі, Жосалы және стратегиялық маңызы зор Төретам станциясын басқарды.

2000 жылдардан кейін ҚТЖ-ның Қызылорда филиалында жүк және коммерциялық жұмыстар бойынша директордың орынбасары, «Қазтеміржолкөлік» АҚ Қызылорда филиалының директоры қызметтерін атқарды. 2013 жылы Қазақстан теміржолшылары кәсіби одағы Қызылорда филиалының төрағасы болып сайланып, аймақ теміржолшыларының мүддесі жолында 2020 жылға дейін жемісті еңбек етті.



